

## Ата-Аналар назарына!

Мектепке дейінгі ұйымның міндеттері:

- ✓ баланың қызметін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыру;
- ✓ көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынғанда, ата-анасының біреуіне немесе басқа да заңды өкілдеріне еңбек демалысын бергенде және жазғы мерзімде баланы сауықтыру үшін демалысын алған уақытта ата-ананың жазбаша өтініші негізінде баланың орнын сақтау;
  - ✓ баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсету;

## Ата-Аналар назарына!

Мектепке дейінгі ұйымның құқықтары:

- ✓ Баланы Мектепке дейінгі ұйымнан шығару жүргізіледі - осы Шартта көзделген қызметтер үшін ай сайынғы төлемақы белгілеген мерзімінде уақытылы төленбегенде;
- ✓ Баланы Мектепке дейінгі ұйымнан шығару жүргізіледі - бала дәлелсіз себептермен және әкімшілікті ескертпей бір айдан астам келмегенде;
- ✓ Баланы Мектепке дейінгі ұйымнан шығару жүргізіледі - мектепке дейінгі ұйымға келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде;
- ✓ Ата-ана осы Шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы Ата-ананы 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын Шартты бұзу;

## Ата-Аналар назарына!

Ата-ананың міндеттері:

- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы мен осы Шартты сақтау;
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның қызметтері үшін ата-ананың төлемі ай сайын ағымдағы айдың 5-не дейін жүргізілуі қажет;
- ✓ Баланы тәрбиешінің жеке өзіне тапсыруға және одан алу;
  - ✓ Баланы Мектепке дейінгі ұйымнан алкогольді мас күйдегі жақын туысқандарына, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға алуды тапсырмау;
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымға баланың алдағы болмауы туралы уақытында хабарлау;
- ✓ Басқа тәрбиеленушілердің арасында тұмау немесе жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу үшін бұл аурулардың белгілері бар баланы Мектепке дейінгі ұйымға әкелмеу;

## Ата-Аналар назарына!

### Ата-ананың міндеттері:

- ✓ Бала сырқаттанып қалған жағдайда, емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда, денсаулық жағдайы туралы анықтама әкелу;
- ✓ Өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаған кезде, педагогтерге және қызметкерлерге құрмет көрсету;
- ✓ Мектепке дейінгі ұйыммен баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- ✓ Баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыру.